

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы

**Аралық қысқартылған қаржылық есептілікке
түсіндірме жазба**

*2026 жылғы 2 тоқсан
(аудиттелмеген)*

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

МАЗМҰНЫ

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есеп
Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған есеп
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған есеп

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Қызмет сипаттамасы	1
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі.....	1
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	2
4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар.....	2
5. Ақша қаражаттары және олардың баламалары	2
6. Қаржы ұйымдарындағы қаражат.....	3
7. Клиенттерге несиелер.....	3
8. Басқа активтер мен міндеттемелер	4
9. Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	5
10. Клиенттердің қаражаты.....	5
11. Жарғылық капитал	5
12. Шарттық және шартты міндеттемелер	6
13. Пайыздық кірістер мен шығыстар	6
14. Қызметкерлерге арналған шығыстар және өзге де операциялық шығыстар	6
15. Басқа кірістер	7
16. Салық салу.....	7
17. Акцияға шаққандағы пайда	8
18. Ақша қаражаттарының қозғалысын талдау	8
19. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	9

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ

Қаржылық жағдай туралы аралық қысқартылған есеп

30.06.2026

(мың теңгемен)

	Ескер- ту	30.06.2026 (аудиттелмеген)	31.12.2025 (аудиттелген)
АКТИВТЕР			
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	5	164 067 612	196 721 999
Басқа банктердегі салымдар	6	239 800	250 711
Клиенттерге ұсынылған қарыздар	7	32 024 594	39 071 600
Негізгі мүліктер		7 394 089	7 353 663
Материалдық емес активтер		6 335 017	6 039 308
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер		181 618	916 521
Кейінге қалдырылған салық активтер		2 253 089	2 067 515
Басқа активтер	8	4 314 047	4 419 045
Активтер қорытындысы		216 809 866	256 840 362
МІНДЕТТЕР			
Банктердің корреспонденттік шоттары және салымдары	9	40 207 868	35 630 637
Клиенттердің банктік шоттары және салымдары	10	76 706 303	92 443 257
Жалға беру бойынша міндеттер		4 003 026	4 302 185
Басқа міндеттемелер	8	3 993 217	5 281 168
Міндеттемелер қорытындысы		124 910 414	137 657 247
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	11	73 757 000	73 757 000
Бөлінбеген пайда		18 142 452	45 426 115
Капитал қорытындысы		91 899 452	119 183 115
Міндеттемелер мен меншікті капитал қорытындысы		216 809 866	256 840 362
Жай акцияның теңгерімдік құны (теңге)	17	11 600.9	15 340.1

Д. Забелло

А. Лаврентьева

Орындаған: Маликов А. тел. 6285

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ

Жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған есеп

аяқталған кезең үшін

30.06.2026

(мың теңгемен)

	Ескерту	Аяқталған кезең 30.06.2026 (аудиттелмеген)	Аяқталған кезең 30.06.2025 (аудиттелмеген)
Тиімді пайыздық ставканы пайдалана отырып			
есептелген пайыздық түсім			
Ақша қаражаты және оның баламалары		13 700 941	13 148 846
Клиенттерге несиелер	13	4 633 439	7 414 204
		18 334 380	20 563 050
Пайыздық шығыстар			
Банктердің және өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты		(2 067 361)	(2 041 323)
Клиенттердің қаражаты		(2 982 197)	(3 677 149)
Жалдау бойынша міндеттемелер	13	(237 270)	(277 209)
		(5 286 828)	(5 995 681)
Кредиттік шығындар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс			
Кредиттік шығындар бойынша шығыстар		13 047 552	14 567 369
Таза пайыздық кіріс		(1 196 463)	(1 829 328)
Комиссиялық кірістер		11 851 089	12 738 041
Комиссиялық шығыстар		2 747 233	2 616 958
Амортизацияланған құн бойынша өлшенген қаржылық активтерді өзгертуден таза шығындар тануды тоқтатуға әкеп соқпайтын		(2 707 507)	(2 246 063)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кіріс:		(34 484)	(9 827)
- сауда операциялары		20 076 057	21 183 609
- валюталық баптарды қайта бағалау		(528 864)	885 464
Басқа кірістер	15	2 317	8 815
Пайызсыз кірістер		19 554 752	22 438 956
Қызметкерлерге арналған шығыстар	14	(5 681 039)	(4 812 125)
Басқа операциялық шығыстар	14	(1 642 202)	(1 341 800)
Тозу және амортизация		(734 489)	(710 910)
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар		(81 409)	(46 073)
Өзге де шығыстар		(228 179)	(216 021)
Пайызсыз шығындар		(8 367 318)	(7 126 929)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға дейінгі пайда		23 038 523	28 050 068
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	16	(5 130 451)	(5 687 021)
Кезең ішіндегі пайда		17 908 072	22 363 047
Салықтарды шегергендегі кезеңдегі өзге де жиынтық кіріс/(шығын)		-	-
Кезең ішіндегі жиынтық кіріс жиыны		17 908 072	22 363 047
Акцияға базалық және таратылған пайда (теңгемен)			
	17	2 427.98	3 031.99

Д. Забелло

А. Лаврентьева

Орындаған: Маликов А. тел. 6285



Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы аралық қысқартылған есеп
аяқталған кезең үшін
30.06.2026
(мың теңгемен)

	Ескер- ту	Аяқталған кезең 30.06.2026 (аудиттелмеген)	Аяқталған кезең 30.06.2025 (аудиттелмеген)
Операциялық қызметтен ақша ағындары			
Алынған пайыздық кірістер	18	18 374 211	21 280 706
Төленген пайыздық шығыстар	18	(5 064 410)	(5 579 561)
Алынған комиссиялық кірістер		2 740 802	2 644 966
Төленген комиссиялық шығыстар		(2 834 431)	(2 271 968)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша шығыстарды шегергендегі іске асырылған кірістер		20 076 057	21 183 609
Персоналға төленген шығыстар		(6 312 897)	(5 643 960)
Төленген басқа операциялық шығыстар		(2 008 766)	(895 531)
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейін ақша қаражатының түсуі		24 970 566	30 718 261
<i>Операциялық активтердегі таза азайту/(ұлғайту)</i>			
Қаржы ұйымдарындағы қаражат		130 284	-
Клиенттерге несиелер		5 660 610	6 657 830
Басқа активтер		84 775	289 937
<i>Операциялық міндеттемелердегі таза (азайту)/ұлғайту</i>			
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты		4 590 606	32 375 033
Клиенттердің қаражаты		(15 058 775)	(23 236 648)
Басқа міндеттемелер		(458 142)	(1 034 643)
Операциялық қызметтен корпоративтік табыс салығына дейінгі ақшалай қаражаттың таза түсімі		19 919 924	45 769 770
Төленген корпоративтік табыс салығы		(4 581 122)	(4 609 688)
Операциялық қызметтен ақшалай қаражаттың таза түсімі		15 338 802	41 160 082
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(850 638)	(964)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(459 953)	(220 514)
Инвестициялық қызметтегі ақшалай қаражатты таза жұмсау		(1 310 591)	(221 478)
Қаржылық қызметтен түсетін ақша ағындары			
Банк акционеріне дивидендтер төлемі		(45 191 735)	(32 376 257)
Жалдау төлемдері		(296 462)	(134 316)
Қаржы қызметіндегі ақшалай қаражатты таза жұмсау		(45 488 197)	(32 510 573)
Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаттарына және олардың баламаларына өсері		(1 194 401)	12 862 795
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өсуі		(32 654 387)	21 290 826
Жыл басындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары		196 721 999	164 067 242
Жыл соңындағы ақша қаражаттары және олардың баламалары		164 067 612	185 358 068

Қолма-қол ақшасыз операциялар
Кепілдікті тәркілеу

110 837

Д. Забелло

Басқарма Төрағасы

А. Лаврентьева

Бас бухгалтер

Орындаған: Маликов А. тел. 6285



Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ

Капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған есеп
аяқталған кезең үшін

30.06.2026

(мың теңгемен)

	Ескерту	Жарғылық капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
31.12.2024		73 757 000	32 610 637	106 367 637
Кезең ішіндегі пайда		-	22 363 047	22 363 047
Дивидендтер жарияланған		-	(32 376 257)	(32 376 257)
30.06.2025		73 757 000	22 597 427	96 354 427
31.12.2025		73 757 000	45 426 115	119 183 115
Кезең ішіндегі пайда		-	17 908 072	17 908 072
Дивидендтер жарияланған	11	-	(45 191 735)	(45 191 735)
30.06.2026		73 757 000	18 142 462	91 899 462

Д. Забелло

А. Лаврентьева

Орындаған: Маликов А. тел. 6285



Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

1 Қызмет сипаттамасы

Банк ВТБ (Қазақстан) акционерлік қоғамы еншілес ұйымы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Банк») 2008 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2020 жылғы 3 ақпанда берген, бұрынғы лицензияларды алмастыратын № 1.2.14/39 банктік және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы қағаздар нарығындағы қызметке арналған Бас лицензия негізінде жүзеге асырды.

Банк халықтың салымдарын қабылдайды, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде кредиттер береді және ақша қаражатын аударуды жүзеге асырады, Банктің клиенттері болып табылатын заңды және жеке тұлғаларға басқа да банктік қызметтер көрсетеді.

Банктің бас кеңсесінің тіркелген мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Тимирязев к-сі, 26/29. 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша банктің Қазақстан Республикасының аумағында 12 филиалы болды (2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 12 филиалы).

Банк Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қорының (бұдан әрі – «ҚДКБҚ») қатысушысы болып табылады. ҚДКБҚ-ның негізгі мақсаты Қорға қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда салымшылардың мүдделерін қорғау болып табылады. 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша салымшылар депозиттер бойынша олардың сомасы мен валютасына қарай: теңгемен – 10 миллион теңгеге дейін, шетел валютасымен – 5 миллион теңгеге дейін, теңгемен жинақ салымдары – 20 миллион теңгеге дейін шектеулі сақтандыру өтемін ала алады.

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің жалғыз акционері «Банк ВТБ» (Ресей) жария акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «бас компания») болып табылады. Банктің соңғы бақылаушы жағы-Ресей Федерациясының Үкіметі.

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Жалпы ережелер

Осы 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық қаржылық есептілік 34 «Аралық қаржылық есептілік» халықаралық қаржылық есептілік стандартына («ХҚЕС (IAS)») сәйкес дайындалды.

Бұл аралық қысқартылған қаржылық есептілік басшылық жасаған күтулер мен бағалауларға негізделген Қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындалады. Жеткілікті қаржыландырудың болуы және Банктің өзінің қолданыстағы міндеттемелерін орындауды жалғастыру қабілеті оның қызметінің үздіксіздігі туралы болжам жасау үшін маңызды болып табылады. Деректер күтулері мен бағалауларына бас компанияның болашақ қолдауы, күтілетін болашақ ақша ағындары және болжамды қаржылық нәтижелер сияқты оқиғалар әсер етуі мүмкін. Банк басшылығы Банк өз қызметін жақын болашақта жалғастырады және қажет болған жағдайда бас компания тарапынан қажетті қаржылық қолдау алуға қабілетті деп санайды.

Аралық қаржылық есептілік жылдық қаржылық есептілікте ашылуға жататын барлық мәліметтер мен деректерді қамтымайды және 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Банктің жылдық қаржылық есептілігімен бірге қаралуы тиіс. Бұл қаржылық есептілік, егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен ұсынылған.

Шетел валютасындағы шоттар бойынша ақша қалдықтарын қайта бағалау үшін пайдаланылған ресми айырбас бағамы:

	<u>30 маусым 2026 ж.</u>	<u>31 желтоқсан 2025 ж.</u>
USD	480.72	505.53
EUR	548.07	593.44
RUB	6.14	6.34

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі (жалғасы)

Құнын анықтауға арналған база

Аралық қаржылық есептілік басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін және пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерін әділ құн бойынша көрсетуді қоспағанда, бастапқы құн әдісі бойынша дайындалады.

Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Банктің функционалдық валютасы теңге болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін операциялардың көпшілігінің экономикалық мәнін және оның қызметіне әсер ететін соған байланысты мән-жайларды жақсы көрсетеді.

Қазақстандық теңге осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады. Қаржылық есептіліктің барлық деректері мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері

Сәйкестік туралы өтініш

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған Есеп саясаты 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған жыл үшін Банктің жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді.

4 Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Осы аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Банк банктің есеп саясатына және бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көздеріне қатысты Банк басшылығының ХҚЕС сәйкес дайындалған 2026 жылғы 30 маусымда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті дайындау кезіндегідей елеулі пайымдауларын қолданды. 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2025 жылғы 31 желтоқсанмен салыстырғанда маңызды бухгалтерлік бағалау анықталған негізде елеулі өзгерістер болған жоқ.

5 Ақша қаражаттары және олардың баламалары

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>
90 күнге дейінгі мерзімге орналастырылған Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – «ҚРҰБ») мерзімді депозиттер	132 058 667	156 073 667
ҚРҰБ-дағы ағымдағы шоттардағы қаражат	25 167 170	34 435 356
Кассадағы қолма-қол ақша	4 150 995	5 437 786
Басқа банктердегі ағымдағы шоттардағы қаражат	2 980 255	1 087 797
	164 357 087	197 034 606
Күтілетін кредиттік шығындар (бұдан әрі – «ККШ») үшін бағалау резервін шегергенде	(289 475)	(312 607)
	164 067 612	196 721 999

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

5 Ақша қаражаттары және олардың баламалары (жалғасы)

Минималды резервтерге қойылатын талаптар

ҚРҰБ шығарған нормативтік актілерге сәйкес ең төменгі резервтік талаптар екінші деңгейдегі банктердің белгілі бір міндеттемелерінің пайызы ретінде есептеледі. Банктер осы талаптарды орташа ең төменгі талаптарға тең немесе одан асатын резервтік активтердің (жергілікті валютадағы ақша қаражаты және ҚРҰБ шоттарындағы қалдықтар) орташа шамасын ұстап тұру жолымен орындауға міндетті. 2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша банктің ең төменгі резервтік талаптары 6 457 956 мың теңгені құрайды (31.12.2025: 5 446 862 мың теңге).

6 Қаржы ұйымдарындағы қаражат

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>
Пайдалану шектеулі қаражат	239 840	251 584
ККШ үшін бағалау резервін шегергенде	(40)	(873)
	239 800	250 711

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша пайдалануға шектелген қаражат 239 840 мың теңге сомасында төлем операцияларын жүргізу қызметтерін ұсынатын ұйымдарға салымдарды қамтыды (31.12.2025: 251 584 мың теңге).

7 Клиенттерге несиелер

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>
Ірі бизнесті несиелеу	4 558 205	5 035 339
Орта бизнесті несиелеу	2 323 027	1 634 043
Шағын бизнесті несиелеу	2 598 246	2 864 672
Жеке тұлғаларға кредит беру	31 238 704	39 155 527
Клиенттерге берілетін несиелердің жалпы сомасы	40 718 182	48 689 581
ККШ үшін бағалау резервін шегергенде	(8 693 588)	(9 617 981)
Клиенттерге несиелер	32 024 594	39 071 600

Клиенттерге кезең бойынша несиелер төменде келтірілген:

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>			<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>		
	<i>1 кезең</i>	<i>2 кезең</i>	<i>3 кезең</i>	<i>1 кезең</i>	<i>2 кезең</i>	<i>3 кезең</i>
Заңды тұлғаларға несиелер	2 694 864	5 495	6 779 119	7 634 310	–	1 899 744
ККШ үшін резервті шегергенде	(8 329)	–	(1 212 702)	(42 279)	–	(964 060)
Заңды тұлғалар бойынша жиыны	2 686 535	5 495	5 566 417	7 592 031	–	935 684
Жеке тұлғаларға кредиттер	23 577 608	547 445	7 113 651	30 289 048	682 620	8 183 859
ККШ үшін резервті шегергенде	(2 263 649)	(281 811)	(4 927 097)	(2 686 761)	(344 286)	(5 580 595)
Жеке тұлғалар бойынша жиыны	21 313 959	265 634	2 186 554	27 602 287	338 334	2 603 264

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

8 Басқа активтер мен міндеттемелер

Басқа активтер

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>
Басқа алдын ала төлемдер және болашақ кезеңдердің шығындары	1 205 310	1 372 494
Банк қызметі бойынша өзара есеп айырысулар	779 034	786 658
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	715 112	573 034
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша аванстар	617 738	149 047
Алынған кепіл мүлкі	612 063	754 084
Кепілдіктер мен аккредитивтер бойынша дебиторлық берешек	252 815	246 384
Алдын ала жалдау ақысы	195 232	372 202
Өтеуге мемлекеттік баждар	95 759	122 201
Материалдық қорлар	23 801	51 833
Берілген активтер бойынша дебиторлық берешек	20 385	20 385
Басқалары	20 225	209 428
	4 537 474	4 657 750
ККШ үшін бағалау резервін шегергенде	(223 427)	(238 705)
	4 314 047	4 419 045

Басқа міндеттемелер

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>
Есептелген сыйлықақылар	2 302 304	3 060 830
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	461 616	390 660
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар	259 883	133 215
Есептелген әкімшілік шығыстар	210 130	626 104
Болашақ кезеңдердің комиссиялық кірістері	174 789	152 251
Банк қызметі бойынша өзара есеп айырысулар	173 964	153 825
Шартты міндеттемелер бойынша бағалау резерві	159 614	173 665
Есептелген комиссиялық шығыстар	150 129	264 273
ҚДКБҚ алдындағы міндеттемелер	26 136	30 899
Кәсіби төлем қызметтері	23 500	36 280
Несиелер бойынша алдын ала төлем	106	596
Басқалары	51 046	258 570
	3 993 217	5 281 168

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

9 Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>
Мерзімді салымдар мен несиелер	23 991 732	25 721 107
Ағымдағы шоттар	16 216 136	9 909 530
	40 207 868	35 630 637

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша мерзімді салымдар мен кредиттер сомасына Бас компаниядан 21 009 205 мың теңге (31.12.2025: 21 019 562 мың теңге) мөлшерінде тартылған банкаралық қарыз кіреді.

2026 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ағымдағы шоттардың сомасына 16 095 004 мың теңге сомасына Бас компанияның корреспонденттік шоты кіреді (31.12.2025: 9 624 516 мың теңге).

10 Клиенттердің қаражаты

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>
Заңды тұлғалар		
Мерзімді салымдар	18 980 906	26 307 856
Ағымдағы шоттар	26 934 187	27 908 135
Заңды тұлғалардың қаражатының жиыны	45 915 093	54 215 991
Жеке тұлғалар		
Мерзімді салымдар	26 921 452	34 190 385
Ағымдағы шоттар	3 869 758	4 036 881
Жеке тұлғалардың қаражатының жиыны	30 791 210	38 227 266
Клиенттердің жалпы қаражаты	76 706 303	92 443 257

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттердің қаражаты тиісінше 261 426 мың теңге және 337 076 мың теңге сомасына клиенттерге берілген несиелер бойынша алдын ала төлемдер болып табылады.

11 Жарғылық капитал

2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 7 375 700 дана көлемінде жарияланған және айналымға шығарылған жай акцияларды бас компания бір жай акция үшін 10 мың теңге орналастыру бағасымен толық төлеген.

Жалғыз акционердің 2026 жылғы 30 сәуірдегі шешіміне сәйкес, Банк 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған есепті жыл үшін жай акциялар бойынша 45 191 734 мың теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады және төледі.

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

12 Шарттық және шартты міндеттемелер

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер		
Кредиттер беру жөніндегі міндеттемелер	9 085 491	8 683 326
Кепілдіктер	1 188 710	1 450 512
Аккредитивтер	—	—
	10 274 201	10 133 838
ККШ үшін бағалау резервін шегергенде	(159 614)	(173 665)
Шарттық және шартты міндеттемелер	10 114 587	9 960 173

13 Пайыздық кірістер мен шығыстар

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>30 маусым, 2025 жыл (аудиттелмеген)</i>
Тиімді пайыздық мөлшерлемен есептелген пайыздық кіріс		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	13 700 941	13 148 846
Клиенттерге несиелер	4 633 439	7 414 204
Барлығы пайыздық кірістер	18 334 380	20 563 050
Пайыздық шығыстар		
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	(2 067 361)	(2 041 323)
Средства клиентов	(2 982 197)	(3 677 149)
Жалдау бойынша міндеттемелер	(237 270)	(277 209)
Барлығы пайыздық шығыстар	(5 286 828)	(5 995 681)

14 Қызметкерлерге арналған шығыстар және өзге де операциялық шығыстар

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>30 маусым, 2025 жыл (аудиттелмеген)</i>
Жалақы және сыйлықақылар	(5 020 730)	(4 161 612)
Әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	(660 309)	(650 513)
Қызметкерлерге арналған шығыстар	(5 681 039)	(4 812 125)

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

**14 Қызметкерлерге арналған шығыстар және өзге де операциялық шығыстар
(жалғасы)**

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>30 маусым, 2025 жыл (аудиттелмеген)</i>
Әкімшілік шығыстар	591 598	561 597
Іссапар шығындары	164 293	69 545
Маркетинг және жарнама	137 721	78 814
Жалға алу	132 219	89 023
Байланыс қызметтері	121 730	108 021
Күзет	98 893	87 214
Заңгерлік және консультациялық қызметтер	71 103	68 005
Көлік	63 935	36 408
Инкассация	58 835	40 961
ҚДКБҚ-ға жарналар	48 632	90 768
Өкілдік шығындар	24 398	22 738
Негізгі құралдарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету	18 138	8 704
Сақтандыру шығындары	548	47
Басқалары	110 159	79 955
Басқа операциялық шығындар	1 642 202	1 341 800

15 Басқа кірістер

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>30 маусым, 2025 жыл (аудиттелмеген)</i>
Бұрын төленген сыйақыны ұстап қалу	217	3 054
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін кірістер	—	107
Басқалары	2 100	5 654
Барлығы басқа кірістер	2 317	8 815

16 Салық салу

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>30 маусым, 2025 жыл (аудиттелмеген)</i>
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	5 316 025	5 933 433
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша табыс - уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және қалпына келуі	(185 574)	(246 412)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	5 130 451	5 687 021

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

17 Акцияға шаққандағы пайда

Төменде акцияға шаққандағы базалық және таратылған пайданы есептеу кезінде пайдаланылған пайда мен акциялар туралы мәліметтер келтірілген:

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>30 маусым, 2025 жыл (аудиттелмеген)</i>
Банк акционеріне тиесілі кезеңдегі таза пайда	17 908 072	22 363 047
Бір акцияға шаққандағы базалық және таратылған пайданы анықтау мақсатында жай акциялардың орташа өлшенген саны	7 375 700	7 375 700
Акцияға шаққандағы базалық және таратылған пайда (теңгемен)	2 427.98	3 031.99

ҚҚБ Листингтік ережелерінде көрсетілген әдіснамаға сәйкес есептелген және 2026 жылғы 30 маусымдағы және 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір жай акцияның баланстық құны төменде келтірілген:

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>			<i>31 желтоқсан, 2025 жыл (аудиттелген)</i>		
<i>Акция түрі</i>	<i>Орналас- тыр ылған акциялар саны</i>	<i>Таза активтер (мың теңгемен)</i>	<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<i>Орналас- тыр ылған акциялар саны</i>	<i>Таза активтер (мың теңгемен)</i>	<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>
Қарапайым	7 375 700	85 564 435	11 600.9	7 375 700	113 143 807	15 340.1

18 Ақша қаражаттарының қозғалысын талдау

	<i>30 маусым, 2026 жыл (аудиттелмеген)</i>	<i>30 маусым, 2025 жыл (аудиттелмеген)</i>
Алынған пайыздық кірістер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	13 570 520	13 148 560
Клиенттерге несиелер	4 803 691	8 132 146
Барлығы алынған пайыздық кірістер	18 374 211	21 280 706
Төленген пайыздық шығыстар		
Банктер мен өзге де қаржы ұйымдарының қаражаты	(2 080 736)	(1 914 828)
Клиенттердің қаражаты	(2 983 674)	(3 664 733)
Барлығы төленген пайыздық шығыстар	(5 064 410)	(5 579 561)

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы
2026 жылғы 30 маусымда аяқталған кезең үшін аралық
қысқартылған қаржылық есептілікке
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА
(егер өзгеше көрсетілмесе, мың теңгемен)

19 Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2026 жылғы 30 маусымдағы аралық қаржылық есептілікке әсер етуі мүмкін, есепті күннен кейін орын алған ешқандай оқиғалар анықталған жоқ.

Басқарма Төрағасы

Бас бухгалтер



А. Лаврентьева